

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
«Қазақстан Халық партиясы»
фракциясының мүшелеріне
(тізім бойынша)**

2021 жылғы 18 ақпандағы №ДС-60 хатқа

Құрметті депутаттар!

Сіздердің мал ұрлығына қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Ішкі істер министрлігінің (*бұдан әрі – ИМ*) ақпараты бойынша соңғы жылдары (*2018 жылдан 2020 жылға дейін*) жалпы ел бойынша мал ұрлығы фактілерінің 49 % төмендеуінің және ұрланған мал басы санының 8,4 %, оның ішінде Шығыс Қазақстан облысында тиісінше 31 % және 38 % төмендеуінің тұрақты үрдісі байқалды.

Мал ұрлығына қарсы іс-қимыл жөніндегі практикалық шаралар ИМ-нің мүлікті қорғау жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған ведомстволық бағдарламасында көзделген, оның шеңберінде уәкілетті мемлекеттік органдардың тығыз өзара іс-қимылы жүзеге асырылады, ИМ және Ауыл шаруашылығы министрлігі (*бұдан әрі – АШМ*) қызметкерлерінің мал ұрлығының профилактикасы және жолын кесу бойынша тиісті шаралар әзірлей отырып, криминогендік ахуалы едәуір күрделі өңірлерге бірлесіп шығуы жүргізіледі.

Ішкі істер және ветеринариялық бақылау органдары арасында жасалған меморандумға сәйкес полицияның 200-ден астам қызметкерінде АШМ-нің «Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру» ақпараттық жүйесіне қол жетімділік бар, бұл ретте ауыл шаруашылығы жануарларын және ет өнімін заңсыз тасымалдау фактілерін жедел анықтау үшін оған патрульдік полиция қызметкерлерінің қызметтік планшеттерін қосу мәселесі пысықталуда.

2020 жылдан бастап іске асырылып жатқан ИМ-нің мал ұрлығына қарсы іс-қимыл жөніндегі үлгілік жоспары шеңберінде мамандандырылған жедел-іздеу топтары 200 қылмыстық топты залалсыздандырған, оның ішінде 140 астам мал ұрлаушы Шығыс Қазақстан облысында ұсталған.

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы тұрғынының малын ұрлау фактісіне қатысты ІІМ жүргізілген жедел-ізвестіру іс-шараларының нәтижесінде аталған ауданның үш тұрғыны ұсталып, қылмыстық жауапкершілікке тартылғанын атап өтті, жәбірленушіге ұрланған жануарлардың бір бөлігі қайтарылды, тергеу жалғасып жатыр.

Жайылымнан ұрлауға (*70% жуығы еркін жайылымнан ұрланды*) негізгі себеп болып отырған малдарды қараусыз жаю проблемасын ескере отырып, 2019 жылғы қазаннан бастап ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленді (*ӘҚБтК-нің 408-бабы*). Сонымен қатар жергілікті өкілді органдарға осы қағидаларды бекіту бойынша заңнамалық негізде құзыреттер берілді.

Полиция басшыларының қызметтік жауапкершілігін арттыру мәселесі бойынша

ІІМ-нің ақпараты бойынша ішкі істер органдарының жедел-қызметтік жұмысының нәтижелері ІІМ Алқасының отырыстарында және аумақтық полиция департаменттерінің жедел кеңестерінде жүйелі түрде қаралады. 2020 жылы қылмысқа қарсы іс-қимыл және құқық бұзушылықтар профилактикасы бойынша жұмысты тиісті түрде ұйымдастырмағаны үшін полиция қызметтері мен бөліністерінің 3 мыңнан астам басшысы тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Кенттер мен аудандар әкімдерінің қызметін бағалау, сондай-ақ тиісті индикаторларды енгізу мәселесі бойынша

Қазіргі уақытта ІІМ мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, белгіленген тәртіппен әкімдердің мал ұрлығы профилактикасы жұмысының нәтижелерін айқындайтын индикаторды облыстарды, республикалық маңызы бар қалаларды және астананы дамыту жоспарларына қосудың орындылығы туралы мәселені пысықтауда.

Сонымен бірге, жаңартылған Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық көрсеткіштер және ұлттық жобалар картасында тиісті өңірге бекітілмеген индикаторларды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жоспарына қосуына бастама жасауына жол берілмейді.

Ветеринариялық зертханалардың жұмысын жандандыру туралы

АШМ ветеринариялық қызметін нығайту және дамыту мақсатында 2021 – 2023 жылдарға арналған тиісті шаралар кешені әзірленіп, оны Үкімет мақұлдады, оның шеңберінде ветеринариялық зертханалардың жұмыс тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлей отырып, ветеринария саласын функционалдық талдау жүргізіледі.

АШМ-ның ақпараты бойынша қазіргі уақытта Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданында да жеке ветеринариялық зертханалар оңтайландырылып, сынамалар алу пункттеріне ауыстырылды.

2020 жылғы наурыздан бастап көрсетілген өңірдің ветеринария мамандары сынамалар алады, оларды тіркейді, сәйкестендіреді және тиісті түрде сақтайды, сондай-ақ диагностикалық зерттеу үшін күн сайын Алтай қаласына тасымалдауды жүзеге асырады.

Сонымен қатар АШМ белгіленген тәртіппен Катонқарағай ауданының Үлкен Нарын кентінде жеке зертхананың құрылысы мәселесін пысықтауда.

Малды сатып алу-сату туралы ақпараттық базаны әзірлеу мәселесі бойынша

«Ветеринария туралы» Заңның талаптарына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарлары міндетті түрде сәйкестендіруге жатады, олар туралы тиісті мәліметтер «Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру» ақпараттық жүйесіне енгізіледі.

Бұл ретте базарларға және қоғамдық тамақтану пункттеріне келіп түсетін жануарлар өнімі мен шикізаты «Басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі» ақпараттық жүйесі арқылы жергілікті ветеринариялық дәрігерлер берген ветеринариялық анықтамалармен сүйемелденеді.

Осыған байланысты АШМ пікірі бойынша тиісті ақпараттық базаны әзірлеу қажеттілігі жоқ.

Асыл тұқымды малды ұрлаганы үшін жазаны күшейту және оларды жасағаны үшін жазаның қосымша түрлерін енгізу мәселесі бойынша

2020 жылғы қаңтардан бастап мал ұрлығын жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік күшейтілді. Қылмыстық кодекске мүлкін тәркілей отырып, 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны көздейтін «Мал ұрлығы» деген жеке 188-1-бап енгізілді.

Мал ұрлығының сараланған түрлерін (*бірнеше реттілік, үй-жайға ене отырып, ірі және аса ірі көлемде және т.б.*) жасағаны үшін жәбірленушімен татуласу мүмкіндігін болдырмайтын, қылмыстық жауапкершілік күшейтілген.

Осыған байланысты мемлекеттік органдардың ұстанымын ескере отырып, мал ұрлығын, оның ішінде асыл тұқымды мал ұрлығын жасағаны үшін жауапкершілікті күшейту бөлігінде қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізуді орынсыз деп ойлаймыз.

Мал ұрлығының жолын кесу жөніндегі және ветеринария саласындағы қызмет уәкілетті мемлекеттік органдардың бақылауында.

Мал ұрлығына қарсы іс-қимыл мәселелерін ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында Үкімет жанындағы құқық бұзушылықтар профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында қарау жоспарланғанын атап өтеміз.

А. Мамин